

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ-“ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ”****Shonaeva Aygerim Asilbek qizi***Альфраганус университетінің студенті*

**Аннотация:** Бұл мақалада қазақтың Ұлы ақыны- Абай Құнанбаевтың өмірбаяны, шығармалары және де ақындық таланты, қазақ әдебиетіндегі тұтқан орны жайлы кеңінен келтірілген.

**Негізгі сөз:** Абай Құнанбайұлы-ұстаз, ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, сазгер ақын.

Қазақтың Ұлы ақыны, Абай Құнанбаев-шын аты Ибраһим. Абай Құнанбайұлы (1845-1904) жылы қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарақалының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туылған. Абай қазақтың әдебиетінде қайталанбас ұлы ойшы, философ, ақын. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған әжесі Зеренің таусылмайтын аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл қалжыңға шебер, жән-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Абай санасына қатысты бар шуақты қасиеттер мен ақындыққа деген ұмтылыс сезімі әжесі мен анасының әсерінен сіңген. Абай ауылдық молдадан білім алып, сауат ашып, кейіннен Семейге сауатты дамыту мақсатпен аттанады. Абай ақын медресе оқуында жүрген уақытында Шығыс поэзиясына қызықтанып, Шығыстың ақындары секілді өлеңдер жазуға талпынады. Сексенінші жылдар орталығында Абай ақындық жолына бағыт бұрады. Абай өлең және шығармаларын үзіліссіз жазуға тырысты. Дегенімен, сонау кездердегі халықтың ішіндегі тартыстар ақындық өнермен айналысуды қиындатады. Абай ақындыққа бағыт бұрғанда өлеңдерін білім, өнер және мәдениетке бағыттады. Абай 1885 жылда «жасымда ғылым бар деп ескермедім» - деп атаған тұңғыш шығармасын жазды. Осы өлеңі тұңғыш Абайдың шығармасы болып, Абайдың ақындық жолдағы ізденісін танытты. Абай шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, оның ақындық талантына шет елдердің ақындары мен жазушылары, әдебиет сыншылары кеңінен үн қатты. Оның шығармашылығы туралы мақалалар, «Қара сөздеріне» арналған зерттеулер Корея мен Қытайдан, Үндістан мен Иран-нан, Еуропа елдері мен АҚШ-қа дейінгі әлемнің көптеген мемлекеттерінде жарияланды. Абай мұрасы – түркі мәдениетінің бір бөлігі. Өзбек ғалымы Абдулла Рустамов Абайды «адам жанының емшісі» деп атаған болатын. Ол пайымдағандай, Абай шығармалары ғасырлар сүзбесінен өткеннен кейін де өзінің өзектілігі мен маңыздылығын жойған жоқ «Абай – қазақтардың ғана емес, барлық түркі халықтарының да рухани әкесі. Абай – біздің ортақ игілігіміз, – деп нық айтқан еді Түркияның белгілі мемлекет қайраткері Намык Кемал Зейбек. Абай адамзатқа қажет! Біз Қожа Ахмет

Ясауиді, Абайды, өткен ғасырлардың басқа дана адамдарын өз әкелеріміздей біліп құрметтеуіміз керек». Абай, ең бірінші, – қазақ халқының жаны, ал оның «қара сөздері» әлем мен адамдар мағынасын ұғынудың құнды кітабына айналды. Абай үні ғасырлар өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтқан емес. «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен...

Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен... Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді», деген Абай үні (Отыз тоғызыншы сөз) ғасырдан артық уақыт өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтпай, тереңдігімен таңғалдырады. Алаш қозғалысының көрнекті басшыларының бірі, ағартушы, ақын, филолог Ахмет Байтұрсынов Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп атап, «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», деп жазды. Әлем әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов дербес әдебиеттану ғылымы ретіндегі абайтанудың негізін қалады. Ұлы ақын туралы «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы: «Ол өз халқының тарихында биіктен көрінеді. Ол қазақ халқының көп ғасырлық мәдениетінен озығын алып, бұл қазынаны әлемдік және орыс мәдениетінің игі ықпалымен байытты», деп Абай талантына жоғары баға берген.

Әрине, Абай тірі күнінде өз кітаптарын көрген жоқ, алайда оның шығармашылық дәстүрін жалғастырған рухани шәкірттері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов оның әдеби мұрасының бүкіл жер шарына таралуына ықпал етті. Абай – бүкіл адамзат игілігі. Оның поэзиясы – мәңгілік поэзиясы, даналықтың, махаббат пен адалдықтың поэзиясы. Ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын жаңаша ұғыну жалғаса береді, оның жалынды өлеңдері ешқашан да өзінің күшін жоғалтпайды, өйткені халықпен мәңгі-бақи бірге жасайды.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Б.Ыбырайым. Ақындар аманаты: Хрестоматия-компендиум.-Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2012.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.
3. Абай – мәңгілік поэзия. Егемен Қазақстан. №152 (29133)
4. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006.
5. Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер . – Алматы: Атамұра, 2002.
10. Xatamova, D. M. (2023). O'RIKNING DORIVORLIK HUSUSIYATI HAQIDA. *IJODKOR O'QITUVCHI*, 3(31), 223-225.
11. Xatamova, D. M. (2023). O'RIK MAHSULOTLARINING FOYDALARI VA ISHLATILISHI. *Новости образования: исследование в XXI веке*, 1(12), 498-501.

12. Xatamova, D. M., & Nosirov, Z. (2023). KAROTIN SAQLOVCHI MAHSULOTLAR VA ULARNING FOYDALARI HAQIDA. *Scientific Impulse*, 1(10), 2111-2113.

13. Xatamova, D. M., & Nosirov, Z. M. (2023). O'RIK-DORIVOR NE'MAT. O'ZBEKISTONDA FANLARARO INNOVATSIYALAR VA ILMIY TADQIQOTLAR JURNALI, 2(19), 812-817